

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ

Филологиялық серия
1997 жылдан бастап шығады



ВЕСТНИК ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА

Филологическая серия
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

№ 4 (2025)

Павлодар

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия

выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

О постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ30VPY00029268

выдано

Министерством информации и общественного развития
Республики Казахстан

Тематическая направленность

публикация материалов в области филологии

Подписной индекс – 76132

<https://doi.org/10.48081/XXBV9378>

Бас редакторы – главный редактор

Жусупов Н. К.

д.ф.н., профессор

Заместитель главного редактора

Анесова А. Ж., *доктор PhD*

Ответственный секретарь

Уайханова М. А., *доктор PhD*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*

Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*

Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*

Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Баратова М. Н., *д.ф.н., профессор*

Аймухамбет Ж. А., *д.ф.н., профессор*

Шапауов Ә. Қ., *к.ф.н., профессор*

Шокубаева З. Ж., *технический редактор*

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

<https://doi.org/10.48081/ZIQT5008>***Қ. Т. Жанұзақова¹, А. А. Көшекова², М. Қ. Ахетов³**^{1,2}Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті,

Қазақстан Республикасы, Алматы қ.;

³М. О. Әуезов атындағы

Әдебиет және өнер институты,

Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

¹ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-7170-8362>²ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-9730-9164>³ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-0231-2553>*e-mail: kuralay_zhanuzak@mail.ru.

ДУМАН РАМАЗАН ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ПСИХОЛОГИЗМ

Бұл мақалада қазақ әдебиетінде өзіндік орны бар жазушы Д. Рамазан шығармаларының тақырыптық, көркемдік ерекшеліктері, қаламгер туындыларындағы психологизмнің бейнелеу құралдары, постмодернистік сарын, т.б. теориялық мәселелер қарастырылады. Жазушы Думан Рамазан XX ғ. соңы мен XXI ғ. басындағы әдеби үдеріс аясында өз қолтаңбасымен ерекшеленіп, прозада адам жанының тұңғыш тереңінде болып жатқан алуан психологиялық өзгерістерді шебер бейнелейді. Қазіргі әдебиетте жиі көрініс беретін постмодернизмнің дәстүрлі баяндау тәсілдерін қолданбай, сананың сырлы иірімдеріне, адам психологиясына құлаш ұра отырып қалам тербейді. Жазушы әңгімелерінен кейіпкерлердің психологиясын суреттеуде прозамен қатар қалам тартып, қыры мен сырын меңгерген сахналық драмаға тән жанрлық сипаттарды аңғарамыз. Қаламгер адамзат тарихында шешімін таппай келе жатқан қомақты пәлсапалық тақырыптарды, ірі тұлғалардың тағдыр-талайын қайта парақтау арқылы пайымдауға тырысады. Мақалада Думан Рамазанның «Жын», «Құса», «Көкжал», «Күйік» әңгімелері мен «Кенесары – Күнімжан» драмалық туындысындағы кейіпкердің ішкі жан әлемін бейнелеудегі психологиялық тәсілдер, философиялық ой-тұжырымдар мен тілдік-стильдік ерекшеліктері талданады. Думан Рамазан прозасындағы постмодернистік белгілер мен психологизм элементтері көрініс тапқан тұстар зерттеліп, өзара байланыста

қарастырыла отырып, жазушының көркемдік әлемі сараланады. Әдебиет тіршілігінің қия-қалтарысындағы адамның рухани құлдырау және өрлеу жолдарын арқау еткен әрқилы сипаттағы әңгімелерінде бүгінгі ұлттың шынайы бет-бейнесі сомдалған. Жатбауыр ұрпақ, рухани азғындаған қандықол қылмыскерлер психологиясын суреттеу арқылы жазушы тұлғалық рухани күйреудің себеп-салдарын ашуға ұмтылады.

Кілтті сөздер: психологизм, постмодернизм, проза, ішкі монолог, сана, көркемдік әлем.

Кіріспе

«Көркем әдебиет дегеніміз – ең әуелі жанды сөз, тек қана сыртқы емес, ішкі сөз. Адам жанын қозғай алар құдырет болмаса, төрт аяғын тең басқан өлеңнен де, сағымдай құлпырған қара сөзден де пайда жоқ», – деп жазушы Ғабит Мүсірепов айтқандай, жазушының жеткізер ойы оқырман жанымен үндесіп, дүниетанымымен үйлескенде ғана жүрекке жетері сөзсіз.

Әлем әдебиетіндегі жаңаша бағыттардың дамуы қазақ әдебиетіне де өзіндік леп, жаңаша ағым әкелмей қоймады. Әр қаламгер ұлтының дәстүрлі философиялық ұстанымынан, танымынан таймай, өз шығармаларына жаңаша бағыттарды, сарындарды еркін кіргізіп, оқырман санасын сілкінте алды. Әлемдік әдеби үдеріс аясында жаңашылдығымен танылған қазіргі қазақ прозасындағы осындай бағыттардың бірі – постмодернизм. Н. А. Нагорная бұл ұғымға төмендегідей анықтама береді: «Материалом для постмодернизма становятся уже не «жизнь», как для классического реализма XIX в., и не модернистский миф об этой жизни, а языки культуры вместо модернистской «глубины» возникает постмодернистская «поверхность» [1, 14-б.]. Яғни постмодернистік шығарма шынайы өмірді бейнелеуге тырыспайды. Ол көбінесе басқа мәтіндермен, стильдермен, мәдени кодтармен әдеби байланысқа түсіп «ойнайды». Мұнда мән тереңде емес, «бетінде» жатады.

Қазіргі таңда ұлттық негізде қазақ прозасы қайта өңдеуден өтіп, постмодернизм бағыты жаңаша бастау алды. Дегенмен, көркем әдебиеттің басты нысаны – адам болғандықтан, адамның ішкі ахуалы, психикалық жай-күйі, оқиғаға қатысты іс-әрекеті мен мінез-құлқы шебер суреттелуі тиіс. Осы тұста әдебиет пен психологизм бір-бірімен біте қайнасып байланысуы қажет деп санаймыз. Яғни, заман ағынымен әдебиет атты әлемге қанша жаңа бағыт, тың белес келсе де, психологизм әрқашан әдебиетпен бірге өмір сүріп келе жатқан ұғым екені айғақ.

Әдебиет зерттеушісі Т. Жұртбай: «Әр жазушының жазушылық тағдыры, жазушылық психологиясы, жеке өмірі болады. Үшеуі бір-бірімен қашанда тығыз байланыста» – дейді. Шынында да, әр қаламгердің көркем

туындылары оның өмірлік тәжірибесімен, шығармашылық психологиясымен астасып жатады. Посмодернист жазушы Думан Рамазанның әңгімелерінде де тұлғалық болмыс, өзіндік дүниетанымы, өмір сүру әдебі, қоғамға деген көзқарасы, рухани ұстанымы көрінеді.

Психологизм – әдебиеттегі күрделі ұғым. Психологизм шығармадағы кейіпкердің ішкі жан-дүниесін, сезімі мен ойын, ішкі толғанысын, күйзелістегі жай-күйін терең суреттейді [2, 336-б.]. Кейіпкер келбеті мен жан дүниесін суреттеуде психологизмнің рөлі, суреттеу жүйесі, баяндау жолы, семантикасы, стилистикасы, бәрі де жоғарғы маңызға ие. Бүгінде адам психологиясы, оның жай-күйі, жан дүниесін тануға деген ұмтылыс күшейген тұста бұл ұғым әдебиетте адамның ішкі әлемін ашудың тиімді әдістерінің бірі болып табылады. Жазушы Д. Рамазан туындыларының көркемдік ерекшелігі хақында ақын Қадыр Мырза Әли: «...Думан тілді өте жақсы біледі екен. Қазақ тілінің құпиясын өте жақсы меңгергені кез келген шығармасынан көрініп тұрады. «Көкжал», «Алланың әмірі», «Күйік», «Жылап аққан тамшылар», «Сағындым сені, жанқалқа», «Жантәсілім, «Ақсақал мен ақ жылан», «Соңғы дем», «Азалы күн» сияқты бірқатар шығармаларын оқыдым. Көңіліме жақсы әсер қалдырды» – дейді [3].

Материалдар мен әдістері

Зерттеуде постмодернистік бағыт жайлы отандық және шетелдік зерттеулерге, Думан Рамазан туындыларындағы психологизмді зерттеуге байланысты жазушының «Жын», «Құса», «Көкжал», «Күйік», «Жылап аққан тамшылар» әңгімелеріне және «Кенесары-Күнімжан» драмалық туындысына талдау жасалды. Көркем мәтінде талдау, саралау, психологизмді зерттеу аналитикалық әдістері қолданылды. Бұл әдістер Д. Рамазан шығармаларындағы психологизмнің көркемдік табиғатын, оның стильдік тәсілдерін, кейіпкер психологиясын ашудағы жазушы шеберлігін жүйелі түрде талдауға мүмкіндік береді.

Нәтижелер және талқылау

Д. Рамазан шығармаларының көркемдік әлемінде түрлі әдеби ағым-бағыттардың, танымдық тұрғылардың, романтикалық және реалистік, модернистік, постмодернистік бастаулардың бірін-бірі толықтыра жарысуын аңғарамыз. Қазақ прозасының көркемдік көкжиегінде 2000 жылдардан бастап Д. Рамазанның бейреалды прозасы көзге түсе бастады. Реалдылық пен фантазияның жымдаса өрілуі, мистикалық кейіпкерлер мен постмодернистік сарынның табиғи синтезге түсуі жазушы әңгімелерінің өзіндік ерекшелігіне айналып, шығарманың көркемдік жүйесінде құрылымдық, сюжет құраушы принципін айналып үлгерді.

Тәуелсіздіктен кейінгі жылдары қаламгер прозасы мен драматургиясында өзіндік авторлық бояу қалыптасты. Жазушы «Көш» әңгімелер жинағында

он жыл ішіндегі ізденістері мен жаңашылдығын жинақтап, қаламгерлік шеберлігін көрсете білді. Одан бөлек қаламгер шығармашылығында өмір шындығының көркем шындыққа астасуын, тылсым болмыстың, жаратылыстың жұмбақтарын шешуге ұмтылысын көреміз. Тұла бойынды шымырлатып, жүрегіне салмақ түсіретін мистикалық күшке ие шығармалар да бұл тұста жазылған еді. Ол қай шығарманы дүниеге әкелсе де тарихтан алыстамаған, қазақы қалыбын сақтаған, ұлтты сүйген махаббатын көреміз. Әрине, ақиқатты ажырату – өте қиын және оны айтып, жеткізе білу – одан да қиын іс екенін түсінген жазушы Д. Рамазанның тіл мен ділді, дін мен дәстүрді сақтай отырып жазған әрбір дүниесі болашақ үшін құнды.

Жазушының драма жанрын игеруі мен оның техникасын меңгеруінің түпкі тамыры оның қазіргі таңдағы постмодернистік әңгімелер жазуымен байланыстырамыз. Күрделі, ауқымды, қазіргі қазақ әдебиетінің басты тақырыбына айналған постмодернизм турасындағы ойлары мен пікірлері Д. Рамазанның дәл осы тақырыптың майталманы екенін аңғартады. Яғни, автор драматургия жанрына келмес бұрын шығармашылық ізденіс үстінде болған. Оның тарихты қопарып, хандарымыз бен билерімізді түгендеуі, зерттеуі, жазуы бекер емес. Тек прозамен шектелмей, драматургия жанрын да өзіне серік етті, әрі бұл жанрда қандай шығармаларды тудырды десеніңші. Оның жанр шарттылығын, оның техникасын меңгеру үшін көп ізденгендігі көрініп-ақ тұр. Д. Рамазан қазіргі қазақ әдебиетінде постмодернистік танымның өсіп-өркендеп кетуіне айтарлықтай үлесін қоса білді. Зерттеушілер пікіріне сүйенсек, Д. Рамазанның қаламынан постмодерндік прозаның төмендегідей қасиеті аңғарылады:

1) Шығарманың өзіндік кодының болуы, яғни мәтінде ұйымдастыру ережесі;

2) Әлемнің берекесіздігін ұғынуды хаос арқылы беру;

3) Пародиялауға талпыныс;

4) Көркем бейнелеу әдістерінің шарттылығы «әдістерді жалаңаштау»;

5) Бір мәтінге түрлі жанр мен түрлі әдеби дәуірді сыйғызу [4, 27-б.].

Постмодернистік ағымның бір көрінісі – көптеген шығармаларда кейіпкер санасының қаққа жарылуы, өзін-өзі басқа қырынан көруі, түс көріп, түсінен бір оқиға туындатуы, бір ойға берілуі, түсінде бір нәрсемен арпалысып, басқа жерде оянуы немесе қайтадан бүгінгі өмірге келуі сияқты жұмбақ нәрселер. Түс көру – әдеби шығармадағы психологизмнің белсенді тәсілі. Түс көру әдебиетте кейіпкердің ішкі дүниесін, қалтарыс-бұлтарысын, жұмбақ әлемі мен өмір шындығын жеткізуде маңызды орынға ие. Бұл әдісті жазушылар психологиялық жағдайды сипаттау, оқиғаның шешімін беру, кейіпкердің ішкі қалауын білдіру мақсатында қолданады. Кейбір әдеби

шығармаларда түс алдағы болатын оқиғалардан емеурін береді, сюжеттің жотасын белгілейді [5, 161-б.].

Көркем шығармалардағы психологизм адамның ішкі дүниесінде болатын тартыстармен байланысты. Жаһандық әдеби үдерістегі постмодернистік эстетикада түс поэтикасы, мистикалық элементтер, тылсым күштер болмысы кейіпкер психологиясын алуан бояулармен жеткізудің құралы қызметін атқарады [6, 28-б.].

Қаламгер Думан Рамазанның шығармаларында кейіпкердің ішкі психологиялық иірімдері асқан шеберлікпен суреттеліп, оқырманға кейіпкердің ішкі дүниесі жан-жақты танылады. Сондай-ақ тылсым күштер, жындар туралы шығармалары да үлкен психологиялық мәнге ие. «Жын» әңгімесінде жазушы жындарды суреттеу арқылы адамнан бөлек тылсым күштер, жаратылыстар бар екенін суреттейді. «– Көрдің бе, өзі? – Нені? – Жынды. – Жок, көрдім деп өтірік айта алмаймын. Көзге көрінбесе де, адамдармен қабаттаса, қапталдаса өмір сүретін көрінеді. Кәдімгі өзіміз сияқты, өздерінше ғұмыр кешеді дейді. Кейбіреулері адамдармен бірге үйде тіршілік етсе, кейбіреулері өздерінше үй-жай салып, отбасын құрып, ұрпақ өрбітіп, елсіз мекендерде, тау аңғарларында, үңгірлерде тұрады екен!...» [7, 212-б.].

Әңгімеде Болатбектің түс көруі – шығарманың негізгі психологиялық өзегі. Түс көру құбылысы халықтық дүниетанымда ишарат, белгі, кейде болашақтың хабаршысы ретінде қабылданады. Жазушы осы көркемдік тәсілді қолдана отырып, кейіпкердің ішкі әлемін терең ашады. Жындар туралы кейіпкер сөзі – тек фольклорлық баяндау емес, сонымен бірге қазақ халқы үшін маңызы бар мифологиялық сананың, діни-мәдени танымның көркем әдебиеттегі жалғасы. Думан Рамазан исламдық түсініктегі жындар табиғатын еске сала отырып, олардың да адамзат сияқты қайырымды не зиянды бола алатынын айтады. Бұл тұста жазушы жындар бейнесін жай ғана мистикалық қорқыныш ретінде емес, адамның рухани-психологиялық болмысының бір қырын көрсететін құрал ретінде қолданады.

Жазушының «Құса» әңгімесінде Абайдың екі ұлынан қатар айырылу зарын бейнелей келе, Абайдың түс көруі арқылы алдағы болатын оқиға өзегі болжанады. «Таңға жақын талмаусырап жатып көзі ілініп кетіпті. Ауыздығымен алысқан ақбоз арғымақпен әкесі Құнанбай келді. Әбішті мінгестіріп алған. Қабағы қатыңқы, сұсы басым. Оны көрген Мағауия жүгіріп келіп, әй-шәй жоқ, атасының артына қарғып мінді. Жер тарпыған сәйгүлігінің тізгінін тартыңқыраған қажы: Неғып тұрсың? – деді жуан дауысымен. – Отыр! Абай үзеңгіге аяғын сала беріп еді, әкесі қолынан тартып отырғызды. Көптен көрмеген Әбішке қарай береді. Сағынып қалыпты. Дәл осы кезде «мен қалып қойдым ғой» дегендей Ақылбай да үйден

жүгіре шығып, әкесінің артына мінгесіп алды. Есебім түгенделді дегендей, Құнанбай қажы қолындағы дырау камшысын көтере берді, сол-ақ екен, өзі де тыпыршып тұрған арғымақ шаба жөнелді. Бірте-бірте шабысын күшейтіп, құйындай құйғытты дерсің. Кенет сәйгүлікке қанат бітіп, жоғары қарай көтеріле берді» [7, 7-б.].

Бұл әңгімеде тарихи тұлға Абайдың өміріндегі ең ауыр кезеңдердің бірі – екі ұлынан айырылу қасіретін бейнелейді. Жазушы Абайдың трагедиялық халін психологиялық тұрғыдан аша отырып, түс көру көрінісін басты психологиялық құрал етіп алады. Әңгімеде баяндалатын түс – жай ғана эпизод емес, болашақ оқиғаны меңзейтін көркемдік тәсіл ретінде қызмет етеді. Әңгімедегі түс көрінісінде қайтыс болған Құнанбай бейнесінің пайда болуы кездейсоқ емес. Әдебиеттануда мұндай тәсіл «қорқынышты түстер» немесе «ескерту сарыны» деп сипатталады. Құнанбайдың ақбоз арғымақпен келуі – халықтық дүниетанымдағы о дүниеге бастайтын жолдың символы. Арғымаққа қанат бітіп, аспанға көтерілуі де осы мифопоэтикалық дәстүрге сәйкес, «жоғарғы әлемге сапар» ұғымын аңғартады. Түс мазмұнында Абайдың ұлдары Әбіш пен Мағауияның атасына ілесіп кетуі – олардың жақын арада өмірден озатынын меңзейді. Бұл – болашақ трагедиядан хабар берудің, жазушы қолданған алдын ала болжау тәсілінің айқын көрсеткіші.

Түс көруден басқа кейіпкердің ішкі монологы мен авторлық баяндау, костұлғалылық, үнсіздік, психологиялық параллелизм шығармадағы психикалық процестерді сараптауға үлкен мүмкіндік береді.

Д. Рамазанның «Көкжал» әңгімесі – сюжет тартымдылығы мен суреттеу тәсілінің ұтқырлығымен киноповестке арқау боларлық шығарма. Негізгі мотиві – көкжалдың адамда кеткен кегі. Қос көкжал апанынан бөлтіріктерін түгел әкеткен адамдарға кек сақтап, ашық шабуылға шығады. Шығарма сюжетіндегі шешуші, түйінді сәттер: Серік пен Қанаттың қателігі, киелі көкжалдың өз бөлтіріктері үшін қайтпай айқасуы, Елубайдың өлімі. Осы тізбек бойынша жалғасатын сюжеттің астарында табиғат пен адамның үйлесімі, табиғаттың өз қатал заңы бар екендігі, оған адамның қиянат жасамау керектігі, оның зауалы мен жауабы болатыны жайлы ой түйіндері жатыр. Осы әңгімеде автор кейіпкердің жан дүниесіндегі психологиялық талдау иірімдерін оның жан толғанысы арқылы тартымды бейнелейді.

Әдеби шығармадағы психологизмнің бір түрі – авторлық баяндау. Елубайдың ішкі ойы, толғаныстары, монологы арқылы оқырманға оның ішкі әлемі айқара ашылады: «Елубайдың басы жастыққа ерте тигенімен, ойы әлденеге алаңдап, ұйқысы қашып кетті. Әйелі сыртқа шығып кеткен. «Дәу де болса, ошаққа нан жауып жүр-ау! Әй, күндіз-түні бір тынбайды-ау! Біз – ақымақ, осындай қатынды да бағаламаймыз ғой! Айтса айтқандай, жиырма бес жылдан бері осы үйдің суымен кіріп, күлімен шығып келе жатқанда

қандай рахат көрді, нендей сый-сияпат жасадым?! Тым құрыса жылына бір көйлек әпермеймін ғой! Өзім де бір тоңмойын топаспын ғой, жылы сөз айтып, жанын жадыратудың орнына, аузын ашса болды, жеті атасынан бастап сыбай жөнелемін!» [7, 119-б.]. Елубайдың бұл ойы оның мал соңында жүріп, қатайып кеткендігін, сезіміне ерік беруді әлсіздік деп тануын көрсетеді. Осы толғанысы әйеліне жекіре сөйлейтін, қатал Елубайдың ішінде адамдығы өлмеген, әйелді аялай білетін, бірақ күйбең тірлік пен қатал тағдыр сезімін білдіруге мұрша бермей жүрген азамат жатқанын танытады.

Көркем шығармада психологиялық бояуды қоюлатып, кейіпкердің ішкі әлемін, кейіпкердің образын, психологиясын терең танытатын тәсіл ретінде ішкі монологты айта кету қажет. Осы тәсіл шығармадағы кейіпкердің жан қиналысын, арпалысын көрсетеді. Кейіпкердің ішкі сезімін, ой-толғаныстарын тікелей өз атынан баяндауы шығарманы одан әрі әсерлі етеді. Осыған қатысты М.Атымов өз еңбегінде былай дейді: «Монологте көбінесе сөйлеуші адам өз өмірі мен өзінің ішкі жан дүниесіне тереңдей еніп, өз психологиясынан хабар береді. Жазушы қаһарманның өзімен-өзін сөйлестіру арқылы оның өзінен басқа сездіргісі келмейтін жасырын сырларына дейін оқушыны жетектеп, ертіп апарады» [8, 125-б.]. Бұл пікір монологтің кейіпкер табиғатын тереңірек тануға қызмет ететін басты құралдардың бірі екенін дәлелдейді.

Көркем шығармадағы заттық әлем (көкжал қасқыр, ит, т.б.) Елубайдың көкжалмен бетпе-бет келіп, өмір үшін айқасқан сәттегі ішкі күйін, психологиясын суреттеуге қатысып, өзара байланыста болады. Шығармадағы мына үзіндіде заттық деталь оқиғаның дамуына қарай кейіпкердің психологиялық ахуалын шынайы суреттейді: «Азу тісін ақсита ырылдаған жаралы жыртқыш жота жүнін күдірейтіп тақап келеді. Елубай көздей беріп шүріппені басып қалды. Сүрініп кетіп қайта тіктелген қаншық басын алға қарай соза түсіп, сүйретіле басып ақырын жылжи берді. Қимыл-қозғалысы шабандау тартқанымен, сұсы басым, түсі суық. Елубайдың маңдайынан суық тер бұрқ ете түсті: «Не деген жаны сірі, хайуан! – деді іштей шиыршық атып. – Не де болса тақай түссін! Не өлім, не өмір!...», [7, 116-б.] – деп, автор қасқырдың күтпеген оқыс әрекеттерді жасауымен Елубайдың психикалық күйін бейнелейді. Елубайдың біресе үрке, біресе қайраттана айтқан «не өлім, не өмір» деген сөзінен-ақ бас кейіпкерді осы сәтте екі әлемнің ортасында қалғандай күй кештіреді.

Сонымен қатар көкжал қасқырдың да психикалық күйі, ашуға булығыуы, ыза-кекке толы қимылдары Елубай психологиясына да ауыр әсер етті. Қасқырдың адамдарға қарсы шабуы былай суреттеледі: «Қасқыр қаймығар емес, ешқандай қауіп-қатердің жоқтығын іші сезетін сияқты. «Бөрі адамның көзінен қорқады» деуші еді!» Елубай жандалбасалап оның ойнақшыған отты

көзіне тіке қарады. Арланның аялдайтын түрі жоқ. Сұсы басым. Жанарын тез тайдырып әкетті» [7, 122-б.]. Бұл үзіндіден қасқырдың ештеңеден тайсалмай, қаймықпай, Елубайдың тік қараған жанарынан да жасқанбағаны Елубайды бір сәтте есеңгіретіп тастағанын байқаймыз.

«Күйік» әңгімесінде қазақ халқының нанымдарындағы тылсым дүниелерді, өлім мен өмірдің текетіресін суреттейді. Нұрманның атасының жан тапсырар алдындағы сәті, атасы қайтыс болғанда ұлының дүниеге келуі, Нұрманның әйелінің алдыңғы толқын атасының бұл өмірмен қоштасып, немересінің дүниеге келуін жанның бір адамнан шығып бір адамға баруы емес пе деп болжауы психологизмге толы оқиғалар легінен. Адамның ажал келу сәтін суреттей отырып, жан түршігер сәтті көз алдына әкеледі. «Жатын бөлмеден атамның ышқынған дауысы шықты. Жүгіріп кірдім. Бір уыс боп бүрісіп жатыр, қос қолымен ішін басып алған. Мені көре сала: – Май... ра... бос...сан... ма?... – деді тілі күрмеліңкіреп. Жоқ... әлі... Сөзімнің аяғын күтпестен көзін аударып әкетті. Түрі тұнжырап, қабағы салбырап, өңі аппақ құдай қуарып кеткен. – Ата, дауысыңыз қаттырақ шығып кетті ғой? – дедім саусақтарын салалай ұстап. Қолымды жаймен сипалап, ақырын қысты. – Жылан... Сұр жыл...ан... Шақ... қал...төн...іп... Қиналыңқырап сөйлей алмады. Жалынышты кейіппен жәутендей қарайды. «Сұр жылан...» дейді... Сәлден соң көзін ашып: – Өне... әне... кел...ді... әне... от...ыр, – деді жоғары жаққа көзін қадай. – Өне... жан...ым...ды ал...ғалы...кел...ді... Ан-таңмын. Жан-жағыма жалтақтап қанша қарасам да, көзіме ештеңе көріне қоймады. Атам сандырақтап біраз жатты да, бір уақытта «Уһ...» деп жай ғана дем шығарғандай болды. Басы былқ етіп құбылаға қарай қисайып кетті. Жүрегім зу ете түсті...» [7, 249-б.]. Осы үзіндідегі ой үзіктері, сөздердің қайталануы, сөз тастап кету тәсілі, көп нүктелер қаһарманның өмір мен өлім, өң мен түс, екі әлем арасындағы шекаралық жағдайларды нанымды бейнелеуге қызмет етеді. Әңгімеде атасының жан тәсілім ету сәті мен немересінің дүниеге келуінің қатар суреттелуі – халықтық дүниетанымдағы сабақтастықтың, «өмірдің үзілмейтіндігі», «ұрпақ жалғастығы» түсінігінің көрінісі. Нұрманның әйелінің «жан бір адамнан шығып, екінші адамға барады» деген ойы – реинкарнация түсінігіне ұқсас психологиялық түйіндеу, бірақ қазақ мифологиясындағы жанның көшуі туралы халықтық пайымға негізделген. Бұл көркемдік тәсіл жақсылық пен жамандықтың, өмір мен өлімнің біртұтас құбылыс екенін, ұрпақтар ауысып отыратын дүние сабақтастығының үзілмейтінін аңғартады.

«Кенесары-Күнімжан» драмасы – тарихи тақырыпты жеткізудің, ел өткенін қалай суреттеудің ең озық үлгісі. Бүгінде бұл тақырыпта көптеген шығармалар дүниеге келуде. Десек те, бұл шығармалардың арасында Д. Рамазанның дүниесі ерекше орын алады. Пьесаның негізгі мақсаты туралы

жан-жақты ой қозғай келіп, ғалым-зерттеушілер өзге де шығармалармен салыстыра қарайды. М. Жұмабаевтың «Оқжетпестің қиясында» поэмасында да Кенесары суреттеледі. Ал оған белгілі ғалым Ш. Елеукенов: «Ақын мен драматург сабақтастығы Кенесары қозғалысының бүкіл қазақтық құбылыс екендігін, жеке адамның халық еркін орындаған, соның қалауымен істеген заңды әрекеті, ісі екендігін айқындайтын ақиқатқа арқа сүйейді» [9, 178-6.], – дейді. «Кенесары-Күнімжан» пьесасы көркемдік, тақырыптық, идеялық тұрғыдан драмалық шығарманың барлық талаптарына толық жауап береді деп айтуға болады.

Халықпен бірге өмір сүріп, халқымыз сүрген ғұмырды ел есінде жаңғыртатын әдебиетіміз мен мәдениетімізге тарих қаншалықты бай болса, жыл өткен сайын даңғыл жолға түсіп, қазақ халқы даралануда. Әдебиет қай ғасырды да ел тарихымен бірге өсіп дамиды. Бұл дамудың кезеңдері түрлі әлеуметтік оқиғалардан тұруы мүмкін. Сөз жоқ, жер бетіндегі барлық халықтың өсіп-өркендеуі әдебиеті арқылы көрініс тауып жатады. Сондықтан да, әр дәуірдегі әдеби мұра өзінше құнды, өзінше мағыналы. Қазіргі кезеңдегі әдебиеттанудың зерттеу әдістері күрделенген, көбейген тұста қай кезеңде жазылса да зерттейтін нысанасы – адам, халықтың тұрмысы, арман-мұңы, тағылымды ойлары.

Әдебиет қай кезде де өзі өмір сүрген заманның көркем бейнесін жасауға ұмтылады. Бұны қазақ жазушылары жақсы біледі. Әрбір кезеңнің әдебиеті өз кезеңінен сұранысынан, ықпалынан, өмір сүрген белгілі тарихи тұлғалардың жетістіктерінен құралады. Тарих – мінсіз емес. Оның даңғыл жолында түрлі кедергілер, қиын дәуірлер кездесіп отырады, әрі халық солардың жеңіп шығу арқылы шыңдалады. Қанша ғұмыр тәуелсіздікке ұмтылған халықтың қоғамдық санасын оятып, осы жолда ат үстінде өмірін өткізген батырлар да, әділ билік жүргізген хандар да өмірден өтті. Сондай ірі хандардың бірегейі – Кенесары.

Д. Рамазан шығармада халық бейнесін түрлі жолдармен жеткізеді. Халық бірде жеке бейне, кейде жиынтық образ ретінде көрінеді. Пьеса күшті тартысқа құрылған. Кенесары-Наурызбай бастаған қаһармандық күрес жолы пьесаның негізгі желісі болса, тартысты күшейтуде, кейіпкердің мінезін, сезім-сырларын ашуда қосымша қолданыстар шебер пайдаланылған. Бұл қосымша желілер пьесаның негізгі идеясымен тығыз бірлікте, бірін-бірі толықтырып, кейіпкерлер тағдырының жан-жақты көрінуіне мүмкіндік жасайды. Туындының қаһармандық сипатына ішкі сезім күйлерін қосады, психологизмді ойнатады.

Драма құрылымдық жағынан да шебер түзілген. Негізгі желі шашау шығарылмай, Кенесары-Күнімжан төңірегінде жиналып, дамиды. Автор әрбір көріністің сахнаға орай жинақылығын, драматизмін, ойнақылығын,

әсерлілігін барынша өрістетіп, жинақтап отырған. Сахнаны көріктендіру түсу үшін Нысанбай ақын күбірлеп құран оқыса, күңіреніп домбырада ойнаса, өзгелері арқанмен алысып жүріп, шығарманың идеясын беруге тырысады.

Туындыда байқалатын ерекшелік – негізгі оқиғаны Кенесары-Күнімжан төңірегіне жинақталып, ел ауызбіршілігінің эпизодтық бейнеде көрініс табуы. Нысанбай ақынның жалында да шерлі толғауы Д. Рамазан драматургиясына ерекшелік беріп, шешендік сөз қолданысы, аллитерация, ассонанс, ішкі ұйқас, сөз қайталаушылық ережелері кең қолданыс тапқан. Шығарма тілі шырайлы да шұрайлы. Нысанбай жырау толғауына байланысты айтылған шешендік сөз, ойды жеткізу, драматизмін күшейту, қажетті жерде қысқарта салу, қадап айту, ішкі ұйқас, дыбыс үндестігі, ырғақ заңдылықтарын кеңінен қолдану мысалдарын көптеп келтіруге болады. Драматургияның шарты жақсы меңгерген жазушы кейіпкер тілі арқылы оның мінезін, шындыққа қатысын ұтымды ашады. «Кенесары-Күнімжан» пьесасы – қазақтың тарихи драматургиясы қатарын байытқан сүбелі шығарма. Қазіргі қазақ драматургиясы өзінен бұрынғы кезеңдерге қарағанда тақырып пен оқиға таңдауда, психологиялық толғаныстарды суреттеуде, күрделі характерлерді беруде өмір болмысын ерекше пайымдаумен, жаңалыққа құштар озық үлгілерімен, күнделікті тірлік пен тұрмыстың, қиял мен шындықтың көріністерін символдық бейнелеу тәсілдерімен тұтастай ерекшеленеді.

Кенесарының фольклорда да, жазба әдебиетте де өз бейнесі бар. Алғашқысында Кенесары тек өз бойына ғана тән және оны сыртқы саясатқа қарсы күресуші ұлттық батырлардың белгілі қатарына қосуға мүмкіндік беретін типологиялық қасиеттерді біріктіреді. Дархан даланы отаршылдықтан тек білектің күшімен емес, мәмлегерлік жолдармен де сақтауға тырысқан ханның өмір бойы тынымсыз ой үстінде болғанын Кенесарының өзі жазған хаттарынан аңғаруға болады. Әрине, бұл хаттар оның не үшін соғысқанын, жауласқанын көрсетпейді, батыр бабамыздың өр мінезін, қайтпас қайсарлығын, жауынгер тұлғасын болашаққа жеткізетін құнды дерек.

Думан Рамазан тарихи тұлғаға осы ой қазығы тұрғысынан келген. Себебі тәуелсіздік жылдарында қазақ әдебиеті жаңа тыныс, мол мүмкіндіктерге қол жеткізіп, әдебиеттің даму бағдары мен алған бағыты сан салалы, күрделі даму жолына түсті. Мазмұн мен тақырып, пішін мен форма да өзгеріп, айтылуға тыйым салынған тақырыптар қозғалды. Бұл кезде жазылған алғашқы шығармалар өткен тарих пен әдебиеттің ақтаңдақ беттерін қопаруға қызмет етті. Ал қазір өскелең мәдениетіміздің жаңа тарихын жасауға өмірімізде орын алған құбылыстарды уақыт тұрғысынан қайта сараптауға бетбұрыс басталды. Көркем әдебиеттің барлық жанрында да тәуелсіздік сыйлаған жаңа леп білініп, жаңалық әкелгендей.

Қорытынды

Д. Рамазанның «Жын», «Құса», «Көкжал», «Күйік», «Жылап аққан тамшылар» әңгімелерінде [10, 368-б.] психологизмнің түрлі жасалу тәсілдері (ішкі ой-толғаныс, авторлық баяндау, түс көру, мистикалық элементтер, т.б.) кездеседі. Думан Рамазан әңгімелеріндегі кейіпкерлер галереясы өте кең. Мұнда Құдай, пері мен періште, жын мен шайтан, пайғамбар, діни-мифологиялық, фольклорлық персонаждардан бастап тұлғаның түрлі психологиялық типтерін кездестіруге болады. Жазушының шығармаларында кейіпкерлердің ішкі жан дүниесін, психологиялық күйзелістерін, рухани дағдарысын көркем тілмен жеткізуге баса мән беріледі. Автор кейіпкер әрекетін емес, сол әрекеттің ішкі себептерін, сана ағымын, сезімдік толғаныстарын алдыңғы қатарға шығарады. Әсіресе, жалғыздық, оқшаулану, адам мен қоғам арасындағы үйлесімсіздік, өмірдің мәні мен өлім туралы толғаныс, ар-ождан мәселелері Д. Рамазан кейіпкерлерінің психологиялық бейнесін тереңдетіп көрсетеді, ішкі монолог, психологиялық портрет, символика, философиялық ремарка секілді тәсілдер арқылы кейіпкер санасындағы күрделі иірімдерді шебер ашқан. Д. Рамазан прозасындағы психологизм постмодернистік әдістермен ұштасып, интертекстуалдылық, фрагментарлық баяндау, миф пен шындықты қатар қолдану сияқты көркемдік шешімдер арқылы да көрініс табады. Думан Рамазан шығармаларындағы психологизм – қазақ әдебиетіндегі адам жанын терең бейнелеудің заманауи үлгісі ретінде құнды. Бұл оның көркемдік әлемінің тереңдігін, жазушылық шеберлігін, дүниетанымдық кеңдігін танытады.

Пайдаланылған деректер тізімі

1 **Нагорная, Н. А.** Сновидения в постмодернистской прозе [Текст] / Н. А. Нагорная // Русская речь. – 2003. – № 3. – С. 14–23.

2 **Майтанов, Б.** Қазақ романы және психологиялық талдау. [Мәтін] : оқу құралы / Б. Майтанов. – Алматы : Санат, 1996. – 336-б.

3 **Мырза Әлі, Қ.** Думан Рамазанның «Көкжал» әңгімесі. – [Электронды ресурс]. – URL: https://adebiportal.kz/kz/news/view/qadyr-myrza-ali-duman-ramazannyn-kokzal-angimesin-taldagan-eken__2843 (қаралған күні 05.07.2025)

4 **Әліакбар, Ә.** Думан және постмодернизм // Ақиқат. – 2017. – № 7. – URL: <https://aqiqat.kazgazeta.kz/news/8444> (қаралған күні 03.09.2025)

5 **Shamdasani, S.** Jung and the Making of Modern Psychology : The Dream of a Science. [Text] / S. Shamdasani. – London : Cambridge University Press, 2003. – 387 p.

6 **Dennis Mumby, K.** Modernism, Postmodernism and Communication Studies : A Rereading of an Ongoing Debate [Text] / K. Dennis Mumby // Communication Theory. – 1997. – Vol. 7, Issue 1. – P. 1–28.

7 **Рамазан, Д.** Жылап аққан тамшылар. [Мәтін]: әңгімелер / Д. Рамазан. – Алматы : ҚазАқпарат, 2011. – 320-б.

8 **Атымов, М.** Қазақ романдарының поэтикасы [Мәтін] : монография / М. Атымов. – Алматы : Ғылым, 1975. – 125-б.

9 **Елеуқенов, Ш.** XX ғасырдың басында тәуелсіздік идеясын көтерудегі қазақ баспасөзінің қызметі [Мәтін] / Ш. Елеуқенов // Жұлдыз. – 2013. – № 1. – Б. 174–190.

10 **Рамазан, Д.** Жан. [Мәтін]: әңгіме-хикаяттар / Д. Рамазан. – Алматы : Алматы-Болашақ, 2023. – 368-б.

References

1 **Nagornaya, N. A.** Snovideniya v postmodernistskoj proze [Dreams and postmodernism process] [Text] / N. A. Nagornaya // Russian Speech. – 2003. – № 3. – P. 14–23.

2 **Maitanov, B.** Қазақ romany` zhәне psixologiyaly`қ taldaу [Kazakh novel and psychological analysis] [Textbook] / B. Maitanov. – Almaty : Sanat, 1996. –336 p.

3 **My`rza Əli, K.** Duman Ramazanny`ң «Kөkzhal» әңgimesi [Electronic resource]. – URL: https://adebiportal.kz/kz/news/view/qadyr-myrza-ali-duman-ramazannyn-kokzal-angimesin-taldagan-eken_2843 (Review date: 05.07.2025)

4 **Əliakbar, Ə.** Duman zhәне postmodernizm // Aqiqat. – 2017. – № 7. – URL: <https://aqiqat.kazgazeta.kz/news/8444> [Duman Ramazannyn's story «Kokzhal»] [Text] (Review date: 03.09.2025)

5 **Shamdasani, S.** Jung and the Making of Modern Psychology : The Dream of a Science. [Text] / S. Shamdasani. – London : Cambridge University Press, 2003. – 387 p.

6 **Dennis Mumby, K.** Modernism, Postmodernism and Communication Studies: A Rereading of an Ongoing Debate [Text] K. Dennis Mumby // Communication Theory. – 1997. – Vol. 7, Issue 1. – P. 1–28.

7 **Ramazan, D.** Zhy`lap aққан tamshy`lar `[Weepng Drops. Collection of Stories] [Text] : stories / D. Ramazan. – Almaty : KazInform, 2011. – 320 p.

8 **Aty`mov, M.** Қазақ romandary`ny`ң poe`tikasy` [The Poetics of Kazakh Novels]. [Text] : Monograph / M. Atymov. – Almaty : Nauka, 1975. – 125 p.

9 **Eleukenov, Sh.** XX ғasy`rdu`ң basy`nda tәuelsizdik ideyasy`n көterudegi қазақ баспасөзінің қy`zmeti [The Role of the Kazakh Press in Promoting the Idea

of Independence at the Beginning of the 20th Century [Text] / Sh. Eleukenov // Zhuldyz. – 2013. – №1. – P. 174–190

10 **Ramazan, D.** Zhan [Soul] [Text]: stories / D. Ramazan. – Almaty : Almaty-Bolashak, 2023. – 368 p.

16.04.25 ж. баспаға түсті.

24.08.25 ж. түзетулерімен түсті.

25.11.25 ж. басып шығаруға қабылданды.

*К. Т. Жанузакова¹ А. А. Кошекova², М. К. Ахетов³

^{1,2}Казахский национальный

женский педагогический университет,

Республика Казахстан, г. Алматы;

³Институт литературы и искусства

имени М. О. Ауэзова,

Республика Казахстан, г. Алматы.

Поступило в редакцию 16.04.25.

Поступило с исправлениями 24.08.25.

Принято в печать 25.11.25.

ПСИХОЛОГИЗМ В ПРОИЗВЕДЕНИЯХ Д. РАМАЗАНА

В данной статье рассматриваются тематические и художественные особенности произведений писателя Д. Рамазана, занимающего уникальное место в казахской литературе, средства психологизма в его произведениях, постмодернистская интонация и другие теоретические вопросы. Писатель Д. Рамазан, выделившийся своим почерком в литературном процессе конца XX – начала XXI веков, мастерски передает в прозе разнообразные психологические изменения, происходящие в глубинах человеческой души. Он не использует традиционные повествовательные приемы постмодернизма, часто встречающиеся в современной литературе, а, напротив, проникает в таинственные изгибы сознания и человеческой психологии. В рассказах писателя прослеживаются жанровые особенности сценической драмы, овладевшей тонкостями и тайнами жанра, опираясь на прозу для описания психологии персонажей. Писатель пытается рассуждать о значимых философских темах, оставшихся нерешенными в истории человечества, обращаясь к судьбам великих деятелей. В статье анализируются психологические подходы, философские концепции

и лингвистические и стилистические особенности изображения внутреннего мира персонажа в повестях Думана Рамазана «Демон», «Страдание», «Матерый волк», «Горелое», «Плачущие капли» и драматическом произведении «Кенесары – Кунимжан». В статье исследуются аспекты, в которых постмодернистские признаки и элементы психологизма отражены в прозе Думана Рамазана, и, рассматривая их во взаимосвязи, анализируется художественный мир писателя. В его разнообразных рассказах, повествующих о духовном падении и возвышении человека, находящегося в тени общественной жизни, раскрывается истинный облик современной нации. Описывая психологию поколения людей с израненной душой и душевнобольных преступников, писатель стремится раскрыть причины и последствия духовного краха личности.

Ключевые слова: психологизм, постмодернизм, проза, внутренний монолог, сознание, художественный мир.

*K. T. Zhanuzakova¹, A. A. Kosheikova², M. A. Ahetov³

^{1,2}Kazakh National Women's

Teacher Training University,
Republic of Kazakhstan, Almaty;

³M. O. Auezov Institute of Literature and Art,
Republic of Kazakhstan, Almaty.

Received 16.04.25.

Received in revised form 24.08.25.

Accepted for publication 25.11.25.

PSYCHOLOGISM IN THE WORKS OF D. RAMAZAN

In this article, the thematic and artistic features of the works of the writer D. Ramazan, who occupies a unique place in Kazakh literature, means of psychologism in his works, postmodernist intonation and other theoretical questions. The writer Duman Ramazan, who stood out with his handwriting in the literary process of the late 20th – early 21st centuries, masterfully conveys in prose various psychological changes that occur in the depths of the human soul. He does not use the traditional narrative methods of postmodernism, which are often found in modern literature, and, on the contrary, penetrates into the mysterious bends of consciousness and human psychology. In the stories of the writer, the genre features of the stage drama can be traced, mastering the subtleties and secrets of the genre, relying on prose to describe the psychological characters. The

writer tries to discuss important philosophical topics that have remained unresolved in the history of mankind, turning to the fate of great figures. The article analyzes psychological approaches, philosophical concepts and linguistic and stylistic features of the image of the inner world of the character in Duman Ramazan's stories «Demon», «Suffering», «Material Wolf», «Goreloe», «Weeping Drops» and the dramatic work «Kenesary – Kunimzhan». The article examines the aspects in which postmodernist features and elements of psychologism are reflected in the prose of Duman Ramazan, and, considering them in their relationship, the artistic world of the writer is analyzed. In his various stories, which tell about the spiritual fall and rise of a person in the midst of public life, the true form of the modern nation is revealed. Describing the psychology of a generation of people with a wounded soul and mentally ill criminals, the writer strives to reveal the causes and consequences of the spiritual collapse of the personality.

Keywords: psychologism, postmodernism, prose, inner monologue, consciousness, artistic world.

Теруге 25.11.2025 ж. жіберілді. Басуға 26.12.2025 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

5,64 МБ RAM

Шартты баспа табағы 37,98. Таралымы 300 дана.

Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген: А. К. Темиргалинова

Корректорлар: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас

Тапсырыс № 4484

Сдано в набор 25.11.2025 г. Подписано в печать 26.12.2025 г.

Электронное издание

5,64 МБ RAM

Усл. печ. л. 37,98. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка: А. К. Темиргалинова

Корректоры: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас

Заказ № 4484

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

www.vestnik.tou.edu.kz